

ученика. Поэтому в работе с текстом я уделяю большое внимание видам подтекстовой работы. Например, работа с тестами и вопросами очень интересна и полезна. Если один параграф содержит один ряд вопросов, другой – тест. Строит один ряд таблиц, другие ученики – ряд плакатов и постеров. Все эти задания – самый необходимый способ запоминания содержания текста, данных в преподавании предмета.

И, конечно же, остановившись на специфике преподавания географии, приведу несколько примеров из своего мира преподавания, как бы приглашая гостя. Интересное, полезное прохождение каждого урока зависит от учителя. Несмотря на то, что я тоже специалист со средним стажем работы преподавания, я трачу большой труд на интересное прохождение уроков по своему предмету. Трудовое дно – благоденствие. Только трудом каждый учитель увеличивает свое творчество. Развивает умение. К знаниям прибавляются новые информации. Расширяет познание. Все эти действия необходимы для учащихся. Потому что сейчас ученики сильнее учителя. Ученикам нужна только руководящая, ориентировочная личность. Я считаю, что это тоже начало нового этапа истории. Когда образовательная сфера давно уже перешла рамки инновации и активно ищет, применяет инновационные технологии в формировании функциональной грамотности у детей.

Знание – неисчерпаемое сокровище. Но для того, чтобы овладеть знаниями, необходимо постоянно искать, внедрять инновации. Если учитель постоянно ищет и вносит изменения в свой урок, то он захватывает интерес со стороны учащихся. Если наоборот, то и мотивация падает. Как сказал Алтынсарин, «Оқу, білім, бәрі де шоқуменентабылған», что означает, всегда надо трудиться во благо. Действительно, все идет с большим трудом. Только трудолюбивый учитель видит плоды своего труда. Добивается результата. Побеждает в различных конкурсах. Получает постоянную благодарность от учащихся, родителей, внутри коллектива. Все это – необходимый фактор для каждого учителя. Я тоже с самого начала держу все это в фокусе. Я тоже мечтаю стать лучшим, талантливым учителем с огромным опытом и стажем. Я тоже хочу, чтобы мои ученики стали победителями разных уровней конкурсов. Для этого, начиная с сегодняшнего дня, я постоянно внедряю инновации, поиск и исследования в работе.

#### Список литературы

1. Типовая учебная программа по предмету "География" для уровня основного образования в РК.
2. Типовая учебная программа по предмету "География" для уровня среднего образования в РК.
3. Андреева, В.Н. Предметная неделя географии в школе / В.Н. Андреева. – М.: Феникс, 2019. – 975 с.
4. Беловолова, Е. А. Методика реализации практической направленности обучения географии в современной школе / Е.А. Беловолова. – М.: Прометей, 2017. – 717 с.
5. География. 10 класс. Контрольно-измерительные материалы. – М.: ВАКО, 2016. – 913 с.
6. Даринский, А. В. Методика преподавания географии / А.В. Даринский. – М.: Государственное учебно-педагогическое издательство Министерства просвещения РСФСР, 2018. – 416 с.
7. [https://yopok.pf/library/razvitie\\_funkcionalnoj\\_gramotnosti\\_uchashih\\_sya\\_na\\_u\\_133450.html](https://yopok.pf/library/razvitie_funkcionalnoj_gramotnosti_uchashih_sya_na_u_133450.html)

ӘОЖ 37

#### ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

**Аймағамбетұлы Р.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Арқалық педагогикалық институтының доценті, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры.

Мақалада Ы.Алтынсарин еңбектерінің қазіргі қоғамдағы білім мен тәрбие мәселелерінде алатын орны талданады. Мектеп оқушыларының тәрбиесі мен білім алу жолындағы ағартушы шығармаларының орны көрсетілген. Ұлы ағартушының есімін ұрпаққа ұлықтау жолында бірнеше ұсыныстар берілген.

Түйінді сөздер: интеллигенция, білім, тәрбие, оқыту, патша үкіметі, қазақ қоғамы, ұлт.

Ұлы даланың ұлы тұлғаларының қатарында өзіндік көрнекті орны бар ірі қоғам қайраткерлерінің бірі Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып, бірнеше мағыналы да маңызды іс-шаралар атқарылып жатыр. Кең қазақ сахарасында тұңғыш рет білімнің шамшырағын жаққан ағартушы-педагогтың ұлт болашағы үшін жасаған еңбегі, атқарған қызметі ұшан-теңіз. Ұлт тағдыры қыл үстінде тұрған қысылтаяң кезеңде оны алып шығудың бірден-бір жолы – оқу-

білім екендігін көкірек көзі ояу, көзі қарақты ұлт жанашырлары біліп, халқын соған жетелей бастады. Солардың бірі де бірегейі – Ыбырай (Ибрахим) Алтынсарин болатын.

Ұлттық тарихты ұлттық болмыспен оқыту ғана емес, оны өзіндік жолмен түсіне білу – ұлттың мықты болуының басты жолы болып табылады. Себебі ұрпақты ұлт тарихымен, ұлттың барлық асыл қасиеттерін бойына жинақтаған, ұлттың ірі тұлғаларының өмірбаяндарын оқыту арқылы тәрбиелеуге болады. Сонда ғана Ұлы Абай айтпақшы: «Болмаса да ұқсап бағатын» ұлт жанашырларының қалыптасуына мүмкіндік болар еді.

Көшпелі қоғамның бел ортасында жүріп халқын өрге сүйреген ұлы тұлғалар туралы «Барлық қоғамдық орта секілді қазақ даласы да ғасырлар беделінде өзінің ұлы ұландарын туғызып отырды, бірақ олар өзінше ерек, далалық табиғатқа тартатын» – деп, [1]. кезінде атап өткен қазақтың біртуар ұлы Міржақып Дулат жазғандай Ұлы Даланың ұлы есімдерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру, мына біздің тікелей міндетіміз екендігін ұмытпауымыз керек. Себебі тарихтың доңғалағы сол кездегі қазақ қоғамының барлық ауыр салмағын ұлы тұлғалардың мойнына салып берді. Сондықтан олардың халық жүгін көтерулеріне тура келді. Елді басқара алатындай ақылы, болашаққа деген сенімі бар тұлғалар қалың қазақ халқын жанындай жақсы көріп, оны қалайда қараңғы тұңғыықтан алып шығуды мақсат етті, еліне бас болып, жол көрсетушісіне айналды.

Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы «Олжалы жерден үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» – дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты теңестіретін тек ғана ғылым, білім, өнер екенін айтып, өз халқын оқуға, өнерге, білім алуға шақырған болатын [2, 214 б.]. Бұл пікірдің қазіргі күнге дейін қазақ қоғамында көкейтесті мәселе екендігіне дау жоқ. Жалаң білім емес, нақты білім, өзінді өрге алып шығатын толыққанды білім алу – қазіргі қазақ жастарының арасындағы ең күрделі де өзекті мәселе болып отыр.

XIX ғасырдағы орыстың атақты философы және тарихшысы С.Н.Трубецкой: «Анығына келсек, тарихта бәрін жасайтын адам, сол арқылы ғана идея іске асады» – деген сөзін осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, XIX ғасырдағы азғантай ғана қазақ зиялы қауым өкілдерінің халықтың бар күші өздеріне түскендігін біле отырып, патша үкіметінің қатаң бақылауына қарамастан саналы түрде бейбіт жолмен халқына қызмет ете білгендігін байқауымызға болады.

Сондай ірі тұлғалардың бірі – Ы.Алтынсарин. Қазіргі уақытқа дейін қазақ халқының әсіресе, бала тәрбесіндегі, оқу-ағарту саласындағы көкейкесті мәселелерді қозғаған кезде ұлы ұстаздың еңбектеріне назар аударатынымыз рас. Себебі қай уақытта болмасын бала тәрбиесі мен жас ұрпақты дұрыс жолға салу – күн тәртібінен түспеген үлкен мәселе.

XX ғасыр басындағы ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген сөзін іске асырып, ұлтқа толық қызмет еткен тұлғаларымыздың қатарында Ыбырай Алтынсариннің есімі ерекше орын алады.

Біз Ыбырай Алтынсариннің қазақ үшін қалдырған мұрасынан не ала аламыз? Ол несімен құнды? Рухани құндылықтарды жаңғыртудағы алатын орны мен маңызы қандай?

Ыбырай өмір сүрген заман патша өкіметінің отарлық саясатының қазақ қоғамына әбден дендеп енген уақыты болатын. XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанды толық өз билігіне бағындырған Ресей патшасы жергілікті халыққа байланысты қандай іс-әрекетке барса да алдымен өз мүддесін бірінші орынға қойып отырды. Осыны ескерген Ыбырай Алтынсарин халық көзін ашудың бірден-бір жолы - мүлгіген сахарада білім шырағын жарқыратып жағу арқылы халқын прогреске алып шығу деп білді. Ыбырайдың халық ағарту, педагогтық қызметі туралы зерттеулер біраз жазылып, ол жөнінде ой-пікірлер аз айтылған жоқ. Алайда көзі ашық адам, алдымен оқу-білімді таратамын деген кісі сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси жағдайларына соқпай кетуі мүмкін емес.

Халықты оқытып, білім беру ісінің әлеуметтік мәнін терең ұғынған және туған халқын қараңғылықтан алып шығу жолына өз жүрегінен от қылып жағуға берік бекінген Ыбырай: «Менің жан сала талаптанатын себебім- қайткенмен де пайдалы адам болсам деуші едім, ал енді осы мақсатқа жетіп келемін деген ой мені барлық жағынан да жұбатқандай» – деп қайсарлықпен жазды [3; 261 б.].

Қазіргі таңдағы білім саласындағы олқылықтар мұғалім мен шәкірт арасындағы түсінбеушіліктен, ал ол түсінбеушілік мұғалім мен оқушының өз арасындағы білімге деген қызығушылықтың, ықыластың болмауынан деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан Ыбырай Алтынсариннің:

«Бір құдайға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық...» –

деп жазуы не нәрсе болсын, оқығанының барлығын бір мезгіл ой елегінен өткізе отырып, оған назар аудару, көңілге тоқу – бұл нағыз білімге апаратын жол екендігін көрсетіп тұрғандай [4, 26 б.]. Біз балаларды оқытуын оқытамыз, бірақ та сол берген білімнің балалардың бойына сіңіріп, ой елегінен өткізе отырып, өмірлік азық болатынбай тоқу жағына назар аудармаймыз. Ал ол мәселе Ыбырай айтып отырған «ықыласпен» байланысты нәрсе. Оқуға деген ықылас екі жақты болуы керек. Біріншіден, «Бірдеңе білгім келеді, оқығым келеді, түсінуім керек» деген жас баланың бойындағы білмекке деген ықылас, яғни құлшыныс, екіншіден, алдына талаптанып келіп отырған жас буынға «білгенімді қайтсем

жеткізе аламын, ол үшін менің қолымнан не келеді, бар күшімді салуым керек» деп үлкен қызығушылықпен келетін мұғалім, ұстаз. Осы екі жақты ықыластың түйісуі берген білімнің оқушы бойына даруына жол ашқан болар еді.

Осы тұста «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де ақымақтық», – деген ұлы Абайдың ой-толғамдары ойға оралады [5, 327 б.]. Бұдан біз «ақылдың ақыны» болған ұлы Абай мен «ұлы ұстаз» Ыбырайдың үндестігін, мұндастығын, ой-пікірлерінің мазмұндас екендігін байқаймыз.

Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол қазіргі уақытта да көкейтесті сұрақтардың бірі болып отырған жан-жақты, білімді, ұстамды, өзіндік пікірі бар мұғалім дайындау сияқты мәселелермен шұғылданды. Мұғалім – мектептің негізгі тұтқасы екендігін жақсы түсінген Ыбырай сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. Оның «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды», – деп жазуы мұғалім мамандығының қоғамда қаншалықты орын алатындығын және беделінің зор екендігін көрсетсе керек [6, 144-161 б.б.].

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан әлемдік тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтас-тық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Мысалы, өзінің екі кластық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында ол: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді. Оқытушыларды бағалағанда олардың іске мәнді қатынасы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың біліміне қарап бағалау керек» – деп жазған еді [7]. Ал оның Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Мен балаларды жазалауды сүйетін қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсең, балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың», – деген. Соңғы кездері мектеп оқушылар мен мұғалімдері арасындағы келеңсіз түсінбестік жағдайлар, білім мен тәрбиенің алшақ кетуі, бағаның біліміне қарап емес, «бармақ басты, көз қысты» ретімен қойылуы «Ұлы ұстаздың» сөзінің жаны бар екендігін дәлелдегендей болып тұр.

Ыбырай Алтынсарин туған халқына жан аямай еңбек етті, ұрпақтарына үлгі-өнеге боларлық, тәлім аларлық, рухани нәр боларлық бай мұра қалдырды. Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұққан ол бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды. Оның мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалай келіп: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, ол – мектептің жүрегі» – деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жоқ.

Оның қазақ балаларын оқу-тәрбиеге жетелеу жолындағы іс-әрекеті далаға кетпей, қазақ халқы соның нәтижесінде надандық құрсауынан өркениетті қоғамға аяқ басты. Ы.Алтынсарин қажырлы қайраттың, талмай ізденістің, өлшеусіз еңбектің арқасында қазақ сияқты тұтастай бір ұлттың рухани мәдениетін сақтап қалды.

Оның қазақ балаларын оқу-тәрбиеге жетелеу жолындағы іс-әрекеті далаға кетпей, қазақ халқы соның нәтижесінде надандық құрсауынан өркениетті қоғамға аяқ басты. Ы.Алтынсарин қажырлы қайраттың, талмай ізденістің, өлшеусіз еңбектің арқасында қазақ сияқты тұтастай бір ұлттың рухани мәдениетін сақтап қалды. «Ұлы ұстаздың» азғантай ғана өмірінде жанқиярлықпен жасаған еңбегінің ұлт үшін маңызы да бағасы да осы болса керек!

Ұлттық тарихты ұлттық болмыспен оқыту ғана емес, оны өзіндік жолмен түсіне білу – ұлттың мықты болуының басты жолы болып табылады. Себебі ұрпақты ұлт тарихымен, ұлттың барлық асыл қасиеттерін бойына жинақтаған, ұлттың ірі тұлғаларының өмірбаяндарын оқыту арқылы тәрбиелеуге болады.

Орыс халқының атақты жазушысы Максим Горкий былай деп жазды: «Ұлы халықтар бар өзінің кішкентай ұлдарын ұлы етіп көрсете алатын, ұлы тұлғалар бар өзінің кішкентай халқын ұлы етіп көрсете алатын». Жаны бар сөз. Әсіресе біздің ұлтымызға байланысты айтылды ма деп ойлайсың.

Ұлы Даланың ұлы есімдерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыру, мына біздің тікелей міндетіміз екендігін ұмытпауымыз керек. Себебі тарихтың доңғалағы сол кездегі қазақ қоғамының барлық ауыр салмағын ұлы тұлғалардың мойнына салып берді. Сондықтан олардың халық жүгін көтерулеріне тура келді. Елді басқара алатындай ақылы, болашаққа деген сенімі бар тұлғалар қалың қазақ халқын жанындай жақсы көріп, оны қалайда қараңғы тұңғиықтан алып шығуды мақсат етті, еліне бас болып, жол көрсетушісіне айналды.

«Тұлғатану» мәселесін зерттеп, оны жастар арасында насихаттау жұмыстары «Болмаса да ұқсап бағатын» ұлт жанашырларының қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Сондықтан Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өмірі мен қоғамдық қызметінің біздер үшін маңызы мен рөлі осында болмақ.

Ұсыныс. Біріншіден. Қазіргі таңда қазақ мектептерінің маңдайшасында жазылған «Қош келді-

ңіздер!» деген сөз орысша «Добро пожаловать!» деген сөздің аудармасы. Мұндай сөздердің мемлекеттік барлық мекемелердің тақтайшасына жазылғанын көріп жүрміз. Ал мектеп – маңызы ерекше, құндылығы жоғары білім ордасы екендігін ескерсек, оның жазуы басқаша болуы керек. Мүмкін орыс тілінде баланы оқуға шақыратын сөз жоқ шығар, білмеймін, бірақ қазақ тілінде Ыбырай атамның «Кел, балалар, оқылық!» деген шақыруы мектеп балаларына арналып отырғандығында ешкімнің дауы бола қоймас деп ойлаймын.

Сондықтан, республикалық, облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық жерлерде орналасқан барлық мектептердің маңдайшаларына тілдік ерекшеліктеріне қарамастан Ыбырай атамның оқу мен білімге шақыратын «Кел, балалар, оқылық!» деген шақыру ұранын жазып қою жұмыстарын қолға алып, оны Ы.Алтынсариннің 180 жылдық тойы қарсаңында барлық жерде іске асырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Екіншіден. Қай қалаға барсақ та келген адамға бірінші көрінетіні тұлға мүсіні. Ол – сол ұлттың тарихы, болмысы, айнасы. Еліміздің бас қаласында Ұлы даланың ұлы тұлғаларына арналған еңселі ескерткіштері бір жағынан қаламызға сән берсе, екіншіден ұлттың айбатын көрсетіп тұрғаны рас. Осындай ірі тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсариннің еңселі ескерткішінің бой көтеруінің уақыты келді деп ойлаймын.

Үшіншіден. Кино өнерінің ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен насихаттау жұмыстарындағы алатын орны ерекше. Қазіргі уақыттағы білім мәселесінің көкейтестілігін және осы жолдағы Ыбырай Алтынсариннің ұлт үшін жасаған еңбегін ескере отырып, Ыбырай бабамыз туралы кино түсіру жұмыстары қолға алыну керек.

Мұндай тәрбиелік мәні зор игі жұмыстарды іске асыра алмасақ, онда бұл Ыбырай жерінде отырған біздер үшін елдігімізге үлкен сын болмақ.

### Әдебиеттер тізімі

1. Дулатов М. Шығармалары. Алматы: «Ана тілі», – 2010. – 400 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Шығармалар жинағы. Алматы: «Жалын», – 1991. – 464 б.
3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы: «Раритет» БК, – 2008. – 208 б.
4. Бұл да сонда.
5. Абай. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...Он сегізінші сөз. Алматы: «Раритет» БК, – 2008. – 384 б.
6. Сарбаева А.М. Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. ІХ-ХІХғ. Көкшетау: «Келешек -2030», – 2011. – 219 б.
7. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы: «Ғылым», – 1994. – 288 б.

ӨОЖЗ7

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӨНЕР-БІЛІМ БАҒЫТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

**Абдиркенова А. Қ.** – педагогика және психологиясы кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., доктор PhD, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

**Ахметова Ж. Ж.** – қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, педагогика және психология магистрі, «Қостанай тұрмыстық қызмет көрсету колледжі» ҚМҚК.

*Мақалада ХІХ ғасырда қазақ даласында өмір сүрген көрнекті ағартушы, ғалым, ұлттың ұлы ұстазы, жазушы, аудармашы, этнограф Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы өнер – білім, ағартушылық тақырыптарына сипаттама берілген. Шағын әңгімелеріндегі өзекті тақырыптарды қозғалғаны сөз етілген.*

*Түйінді сөздер: еңбек, саналы ғұмыр, ағартушылық, Ыбырай әңгімелері.*

Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады. Ы.Алтынсарин ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлесін қосқан. Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқы алдындағы еңбегі айшықталып танылып, әлдеқашан тиісті бағасын алған. Өзінің жарты ғасырдай ғана өмірінің тең жартысында өз ұлтына қызмет етуден бір сәт жалықпаған, елі мен жұртын жан-тәнімен сүйген.

Қазіргі заманға көз салсақ та, ғылым-білімі дамыған жұрттың халқының өмір сүру, денсаулық жағдайлары оқудан кенде қалып қалып жақтан мемлекеттерден әлдеқайда жақсы екенін аңғарамыз. Бұл құбылысты өз уақытында байқап, қазақ жастарын оқытуға барын салған Ыбырай білім алу идеясын орыс хрестоматиясынан тәржімалаған мысалдарында да, өзі жазған шағын әңгімелерде де кейіпкерлердің іс-әрекеті мен айтқан сөздері арқылы оқырманның санасына сіңіре береді. Мысалы, «Лұқпан әкім» әңгімесінде сипатталған оқиғада дәрігерлікті күнә санайтын, құдайдың қалауына қарсы шыққандық деп есептейтін жаңсақ түсініктегі молдаға Лұқпан әкімнің қайтарған жауабы оқырманның